

## Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

## Дайындық орталығы

## Оқу-әдістемелік комитет кеңесінің

## №2 ХАТТАМАСЫ

Кентау қаласы

31.10.2024 ж.

Қатысқандар: А.Зөхре, Б.Айтбаев, А.Бегділла, А.Мырзаханова, Б.У.Атикол, Р.Шафигулина, У.Ыбыраева, М.Шайхыстамова, Ш.Хамидова, Н.Эргашева

Қатыспағандар: -

## КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Пәндер бойынша кешендердің толық және сапалылығына мониторинг нәтижелерін талдау. (ОӘК төрағасы У.Ыбыраева, бөлім басшылары)
2. Біліктілікті арттыру мақсатындағы оқытушы-профессорлардың әдістемелік семинарларға қатысу барысы (ОӘК төрағасы У.Ыбыраева)
3. Ашық сабақ, өзара сабаққа ену мониторинг нәтижелерін талдау, педагогикалық озық тәжірибе тарату туралы (ОӘК төрағасы У.Ыбыраева)
4. Бөлімдердегі оқытушы-профессор құрамы дайындайтын оқу, оқу-әдістемелік басылымдарының орындалу барысы туралы (ОӘК төрағасы У.Ыбыраева)
5. Әртүрлі мәселелер (ОӘК мүшелері)

## ТЫҢДАЛДЫ:

1. Дайындық орталығы ОӘК мәжілісінің кезекті отырысы біршама мәселелерді алға қойды. Сөз кезегін орталық ОӘК төрағасы У.Ыбыраева алып: «Бүгінгі ОӘК мәжілісінің күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі – бөлімдердегі жүргізілетін пәндер бойынша кешендердің толық және сапалылығына мониторинг нәтижелерін талдау» -дей келе, бөлімдердегі оқытылатын пәндер бойынша кешендердің жағдайы туралы хабарлама жасау үшін бөлім басшыларына сөз ұсынды.

Бірінші кезекте Қазақ, орыс тілдері бөлімінің басшысы А.Мырзаханова түркі дүниесінің тыңдаушыларын қазақ тілінде деңгейлеп оқыту жүйесіне сай деңгейлік оқу кешені, Түркиялық тыңдаушылар үшін орыс тілін деңгейлеп оқыту жүйесіне сәйкес оқу кешендері бекітілгендігін, сонымен қатар Кентау институтының кітапхана қорында бар қосымша оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер 2-қосымшада көрсетілгендігін, аталған негізгі оқу әдебиеттерінің цифрлық тасымалдағыштары 8-қосымшада берілгендігін атап өтті. Кентау институты кітапханашысы тарапынан аталған негізгі оқу әдебиеттері мен қосымша әдебиеттердің, цифрлық тасымалдағыштардың кітапхана қорында бар екендігі расталып, 2, 8-қосымшалардың бекітілгендігін хабарлады.

Келесі кезекте Ағылшын тілі бөлімінің басшысы Р.Шафигулина: «Дайындық орталығында дәрісті деңгейлеп өту қолға алынған. Осыған орай Тіл білімін жетілдіру курсы тыңдаушыларына Oxford University Press тарапынан дайындалған Headway (fourth edition) оқулығы негізінде кешендер бекітілген, кітапхана қоры тарапынан қамтамасыз етілген, сонымен қатар Кентау институтының кітапхана қорында бар қосымша оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер 2-қосымшада көрсетілген, аталған негізгі оқу әдебиеттерінің цифрлық тасымалдағыштары 8-қосымшада берілген» -дей келе, Кентау институты кітапханашысы тарапынан аталған негізгі оқу әдебиеттері мен қосымша әдебиеттердің, цифрлық тасымалдағыштардың кітапхана қорында бар екендігі расталып, 2, 8-қосымшалардың бекітілгендігін хабарлады.

Келесі кезекте Түрік тілі бөлімінің басшысы Б.У.Атикол Тіл білімін жетілдіру курсы тыңдаушылары мен түркітілдес мемлекеттер мен туыстас қауымдастықтардан келген тыңдаушыларға Түрік тілі пәні деңгейлеп өтілуіне байланысты «Yesevi Türkçe A1, A2, B1» атты оқулық негізінде кешендердің бекітіліп, кітапхана қоры толық қамтамасыз етілгендігін, сонымен қатар Кентау институтының кітапхана қорында бар қосымша оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер 2-қосымшада көрсетілгендігін, аталған негізгі оқу әдебиеттерінің цифрлық тасымалдағыштары 8-қосымшада берілгендігін атап өтті. Кентау институты кітапханашысы тарапынан аталған негізгі оқу әдебиеттері мен қосымша әдебиеттердің,

цифрлық тасымалдағыштардың кітапхана қорында бар екендігі расталып, 2, 8-қосымшалардың бекітілгендігін хабарлады.

Орталық ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева барлық бөлімде пәндердің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілу картасы соңғы 10 жылғы (100 жаңа оқулықты қосқанда) әдебиеттермен толықтырылып жасалып, бекітілгендігін, тек қазақ диаспорасы тыңдаушыларына пәндер ҰБТ-ға дайындаушы пәндер болып есептелетіндіктен кейбір қосымша (соңғы 5 жылда шыққан) әдебиеттердің кітапхана базасына келмеуіне байланысты ғаламтор желісінде (пәннің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілу картасына енгізілген) оқытатындығын ескертіп өтті.

Орталық директоры оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз етілу сапасын әлі де жақсарту үшін университет кітапхана әкімшілігіне ұсыныс жасауы тиіс екендігін ескертті. қадағалауды орталық ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраеваға тапсырды.

**ШЕШІМ: 1.** Бөлімдерде оқытылатын пәндердің оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз етілу сапасын көтеру үшін университет және кампус кітапхана әкімшілігіне ұсыныс жасалынсын. (Жауаптылар – Бөлім басшылары, ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева)

2. Орталық ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева: «Біліктілікті арттыру мақсатындағы оқытушы-профессорлардың әдістемелік семинарларға қатысу барысына тоқталсақ, бөлімдерде жыл бойына оқу-әдістемелік семинар өту жоспарланған, семинар тақырыптары қазіргі сабақтың сапасын көтеруге, сабақта жаңа әдіс-тәсілдерді қолданудың тиімділігіне, тыңдаушының белсенділігін арттыруға, тыңдаушының өзіндік жұмысын атқарудағы оқытушының бағыты, тілді меңгерудің тиімді жолдары т.б. тақырыптардан тұрады. Бөлімдерде жоспарланған семинарлар ұйымдастырылып, практикалық сабақта қолданылатын инновациялық әдістер жайлы пікір алмасып және оны оқу үдерісіне қолдануда, оқу үдерісінде пәндер бойынша соңғы жылдары шыққан халықаралық дәрежедегі оқулықтардан ақпараттар, ғылымның соңғы жетістіктері мен түрлі платформалардың мүмкіндіктерін пайдалану талап етіліп отырады. Осы мақсатта орталықтың ОӘК тарапынан оқытушылардың практикалық сабақтар жүргізу сапасы қадағаланады. Пәндер бойынша дәріс мәтіндері, көрнекі құралдар, тыңдаушылардың білімін бағалау материалдары жеткілікті. Әрбір оқытушы қазақ, орыс, ағылшын және түрік тілі сабақтарында қазіргі күнгі инновациялық әдістерді қолдануда. 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік семинарлар кестесіне сәйкес орталық оқытушылары семинарларға қатысып, талдау жасалынып келеді. Бөлімдерде өтілген семинарлар бойынша талдау хаттамалары толтырылған, оқытушының басты мақсаты – тыңдаушының белсенділігін арттыру, тыңдаушының өз бетінше білім алу дағдысын қалыптастыру, қазақ, орыс, ағылшын және түрік тілдерін ауызекі сөйлеуде жетілдіру».

Орталық директоры А.Зөхре бөлімдерде жүргізілетін пәндер бойынша әдістемелік нұсқаулардың жағдайы мен практикалық сабақтардың мазмұндылығы, өту сапасын арттыру мақсатында жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді іздену қажеттігін, ол үшін семинар-тренингтер санын көбейту қажеттілігін, тәжірибе алмасу мақсатында өзара сабақтарға қатысып, ақылдасу (ашық) сабақтар санын көбейтуді тапсырды. Сонымен бірге түрлі онлайн-семинарларға да қатысуға болатындығын атап өтті.

#### Әдістемелік семинарлар жоспарының орындалуы туралы сандық мәлімет

1-кесте

| №  | Бөлімі              | Саны     |
|----|---------------------|----------|
| 1. | Қазақ, орыс тілдері | 5        |
| 2. | Түрік тілі          | 1        |
| 3. | Ағылшын тілі        | 1        |
|    | <b>Барлығы</b>      | <b>7</b> |

**ШЕШІМ: 2.** Бөлімдерде жүргізілетін пәндер бойынша практикалық сабақтардың мазмұндылығы мен өту сапасын арттыру мақсатында семинар-тренингтер өткізілсін, (Жауаптылар – Бөлім басшылары, ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева)

3. ОПҚ-ның ақылдасу (ашық) сабақтары мен өзара тәжірибе алмасу (өзара сабаққа кіру т.б.) жоспарының орындалу барысы туралы хабарлама жасау мақсатында сөз алған орталық ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева орталықта академиялық күнтізбе бойынша практикалық сабақтар қазан айында басталып, тыңдаушылар тіл үйренудің алғашқы қадамдарынан өтуі себепті қазан айына ақылдасу (ашық) сабақтары жоспарланбағандығын атап өтті.

Келесі кезекте Ү.Ыбыраева: «2024-2025 оқу жылына арналған өзара сабаққа қатысу кестесіне сәйкес орталық оқытушылары өзара сабақтарға қатысып, талдау жасалынып келеді. Бөлімдердегі өзара сабаққа қатысу журналында қатысқан сабақтар бойынша талдау хаттамалары толтырылған. Сонымен қатар, журналдарда сабақтардың мақсаты, сабақ жоспарына сәйкес тақырыптың толық ашылуы, теорияның практикамен байланыстылығы, инновациялық және интерактивті әдістерді қолдануы, сабақтардың жетістіктері мен кемшіліктері, оқытушылардың кәсіптік және іскерлік шеберлігін арттыру үшін ұсыныстар мен қорытынды пікірлер көрсетілген».

#### Өзара сабаққа кіру жоспарының орындалуы туралы сандық мәлімет

2-кесте

| №  | Бөлімі              | Саны     |
|----|---------------------|----------|
| 1. | Қазақ, орыс тілдері | 2        |
| 2. | Түрік тілі          | 2        |
| 3. | Ағылшын тілі        | 1        |
|    | <b>Барлығы</b>      | <b>5</b> |

Орталық директоры А.Зөхре ОПҚ-ның ақылдасу (ашық) сабақтары мен өзара тәжірибе алмасу жоспарының орындалу барысы ОӘК төрағасы бөлім басшылары тарапынан жіті қадағаланып, сапасы арттырылуын тапсырды.

**ШЕШІМ: 3.** ОПҚ-ның ақылдасу (ашық) сабақтары мен өзара тәжірибе алмасу жоспарының орындалу барысы қадағалансын, сапасы арттырылсын. (Жауапты - ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева)

4. Орталықтың 2024-2025 оқу жылына арналған оқу, оқу-әдістемелік басылымдарының жоспар бойынша орындалу барысы туралы хабарлама жасау үшін сөз алған орталық ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева бөлімдердегі жауапты тұлғалардан алынған мәліметтер негізінде оқу жылының басында Қазақ, орыс тілдері бөлімі 12, Түрік тілі бөлімі 1, Ағылшын тілі бөлімі 1 оқу, оқу-әдістемелік басылым, орталық бойынша барлығы 14 оқу, оқу-әдістемелік басылым жоспарланғанын ескерте келе, қараша айындағы университет АК күн тәртібіне ұсыну үшін Қазақ, орыс тілдері бөлімі тарапынан Қадашева Қарлығаш Қадашевна, Мырзаханова Ақбота Құлмаханқызы, Арысова Гульмира Муталиевна, Айтбаев Бегімжан Рахымбекұлының «Рухани қала - Түркістан» Бейнефильм және А1: жасанды интеллекті көмекшілеріне негізделген оқу құралын талқылауға ұсынды.

Қазақ, орыс тілдері бөлімінің басшысы А.Мырзаханова оқу құралы бөлім мәжілісінде талқыланып, орталық сарапшылары тарапынан тексерілгендігін, антиплагиаттан өткендігін, ішкі пікір, сыртқы пікір барлық құжаттамасы дайын екендігін айта кетті.

Орталық ОӘК мүшелері оқу құралын талқылай келе, университеттің қараша айында өтетін АК кеңесіне күн тәртібіне талқылауға ұсынуға болады деп бірауыздан қолдады.

**ШЕШІМ: 4.** Қараша айындағы университет АК күн тәртібіне ұсыну үшін Қазақ, орыс тілдері бөлімі тарапынан Қадашева Қарлығаш Қадашевна, Мырзаханова Ақбота Құлмаханқызы, Арысова Гульмира Муталиевна, Айтбаев Бегімжан Рахымбекұлының

«Рухани қала - Түркістан» Бейнефильм және А1: жасанды интеллекті көмекшілеріне негізделген оқу құралы талқылауға ұсынылсын. (Жауаптылар: Қазақ, орыс тілдері бөлімінің басшысы А.Мырзаханова, ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева)

5. Әртүрлі мәселелер бойынша үлгерімі төмен және Виза мәселесі бойынша елінен кеш келген тыңдаушылармен жұмыс түрлерін талқылау мақсатында сөз алған орталық директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Айтбаев қазіргі уақытта тыңдаушылардың дені Виза мәселесін шешіп, елдерінен келіп, практикалық сабақтарға қатысуда екендігін хабарлады. Десе де кейбір елдер бойынша әлі де Виза мәселесі шешілмегендіктен, біршама тыңдаушылардың келе алмай отырғандығын да хабарлады.


Бөлім басшылары Виза мәселесімен практикалық сабақтарға кешігіп қатысқан тыңдаушылар мен үлгерімі төмен тыңдаушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру және сапасын бақылау мақсатында бөлімдегі мәжілісте тапсырмалар талқыланып бекітілгендігін, өзіндік жұмыстардың тақырыптары практикалық сабақтарда қамтылмаған тақырыптарды тыңдаушыларға игерту мақсатында жүргізіліп, өзіндік жұмыстарды орындау арқылы тыңдаушылар өз бетінше ізденістер жасай алатындығын атап өтті. Сонымен бірге барлық деңгейдегі тыңдаушылардың өзіндік жұмыстары реферат, баяндама және деңгейлі тапсырмалар түрінде өтілетіндігін де ескертті.

Орталық директоры А.Зөхре үлгерімі төмен және виза мәселесімен практикалық сабақтарға кешігіп қатысқан тыңдаушылармен жұмыс түрлері жоғары деңгейде жүргізілуін бөлім басшыларына, қадағалауды оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Айтбаевқа жүктеді.

**ШЕШІМ:** 5. Үлгерімі төмен және Виза мәселесімен практикалық сабақтарға кешігіп қатысқан тыңдаушылармен жұмыс түрлері жоғары деңгейде жүргізілсін. (Жауаптылар – Бөлім басшылары, оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Айтбаев)

Орталық директоры:

Орталық ОӘК төрағасы:

А.Зөхре

Ү.Ыбыраева